«ҚАЗАҚАВТОЖОЛ»
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ
СЕРІКТЕСТІГІ

ҚАЗАҚАВТОЖОЛ

ТОВАРИЩЕСТВА С ОГРАНИЧЕННОЙ
ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ
«КАЗАХАВТОДОР»

010000, Астана қаласы, Жеңіс даңғылы, 29/1
тел: 8(7172) 44-46-84, факс: 8(7172) 44-50-41

010000, город Астана, проспект Жеңіс, 29/1
тел: 8(7172) 44-46-84, факс: 8(7172) 44-50-41

№03-02/359 02 март 2018 года

Қызылорда облысы бойынша
ішкі мемлекеттік аудит департаментіне

"Қазалы аудандық ТКШ, АЖ және ЖК" КММ ұйымдастырған №2219262-1 ашық конкурсының 22.02.2018 жылғы №2219262-ОК1 алдын ала рұқсат беру хаттамасына сәйкес "Қазақавтожол" ЖШС өтінімі келесі негіздемелер бойынша біліктілік талаптарына сәйкес келмегендіктен конкурстық комиссияның шешімімен жіберілмеді, яғни:

1. Әлеуетті өнім беруші конкурстық құжаттамада көрсетілген, шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті материалдық ресурсын иелену бөлігінде біліктілік талаптарына сәйкес келмеуі. ҚР «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің «Қазақавтожол» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін құру туралы 2017 жылғы 18 тамыздағы №906 бұйрығының 5 тармағы 2-тармақшасына сәйкес табыстау актісі ұсынылмаған. Себебі №5-қосымшамен ұсынылған техникалардың растаушы құжаттарында «Қазақавтожол» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны көрсетілген және «Қызыорда қаласының ауылшаруашылығы бөлімі» КММ-нің 2018 жылғы №185 хатымен жобалаушымен келісілген жобалау-сметалық құжаттаманың тиісті бөлімінде көрсетілген қажеттілікті қамтитын құрылыс машиналарының, механизмдердің, автокөлік құралдарының негізгі түрлерінің кестесіндегі «Автогрейдер РҮ 220Н, Автогрейдер GR215 техникалары «Қазақавтожол» ЖШС атына тіркелмегендігі анықталды.
2. Сонымен қатар «установки постоянного тока для ручной дуговой сварки» -1 бірлік жетіспеуі, себебі ұсынылған АДД-500 прицепной сварочный агрегат мем. белгісі ABDN445 техпаспорт №АВС 0064148 техникасы тіркеу журанылынан техниканың тозығы жетуіне байланысты есептен шығарылған және мемлекеттік базада тіркелмегендігі анықталыды. Ал сварочный агрегат «2 Пн-2-30-Вс/400 гос номер 2373» жабдығы бойынша техникалық паспортында (айрықша белгілер) бөлігінде жабдықтың атауы көрсетілмеген, яғни толық растаушы құжаттарын ұсыну (жабдықтың паспорты) деп көрсеткен.

Алайда әлеуетті өнім беруші "Қазақавтожол ЖШС" төмендегі құжаттарды қосымша ұсынған болатын:

1. ҚР «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің «Қазақавтожол» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін құру туралы 2017 жылғы 18 тамыздағы №906 бұйрығының 5 тармағы 2-тармақшасына сәйкес табыстау актісі. Осы актіге сәйкес Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму

Министрлігі "Қазақавтожол" ШЖҚ РМК кәсіпорынның және/немесе үшінші тұлғалардың барлық кредиторлары мен борышкерлеріне қатысты кәсіпорынның барлық мүліктік, қаржылық және өзге міндеттерін, олардың өзге де даулы міндеттемелерін Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 23 маусымдағы №393 қаулысымен құрылған және кәсіпорынның құқықтық мирасқоры болып табылатын мемлекет жүз пайыз қатысатын "Қазақавтожол" ЖШС қабылдап алады деп көрсетілген. Сондықтан "Қазақавтожол" ШЖҚ РМК атына тіркелген техникалары мен жабдықтары, бүкіл мүлкі "Қазақавтожол" ЖШС тиесілі болып табылады.
2. Алдын ала рұқсат беру хаттамасында көрсетілген "установки постоянного тока для ручной дуговой сварки" -1 бірлік жетіспеуіне байланысты 27.02.2018 жылы "Дәнекер құрылыс компаниясы" ЖШС мен "Қазақавтожол" ЖШС арасында "агрегат сварочный АДД 2х2501-03ВУ1 - 2 дана" техникасына келісім шарт жасалып, техникалық паспортымен қоса ұсынылды.

Алайда 28.02.2018 жылғы №2219262-ОК1 қорытындылар туралы хаттамасына сәйкес "Қазақавтожол" ЖШС өтінімі алдын ала рұқсат беру хаттамасында көрсетілген негіздемелер бойынша жіберілмеді. Сондықтан "Қазақавтожол" ЖШС өтінімін негізсіз қабылдамаған конкурстық комиссияның шешімімен келіспейтіндігімізді білдіреміз.

Сол себепті "Қазақавтожол" ЖШС №2219262-1 ашық конкурсының конкурстық комиссиясының шешімінің заңдылығын анықтап беруіңізді сұрайды.

Қызылорда ОФ директоры: **Абыласанов Б.**

орын: Әбдікәрімов А.
тел: 8 (7242) 26-15-35